

Есбосынов Е.З



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық  
университеті, Қазақстан, Алматы  
E-mail: [ergaliesb@gmail.com](mailto:ergaliesb@gmail.com)

## ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ ДӘУІРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ҚОҒАМДЫҚ КҮШ: АХИЛЕР БІРЛЕСТІГІ – АХИЗМ ФЕНОМЕНІ

**Аңдатпа.** Жалпытүркілік лексикада бір-ақ сөзбен мұншама мол мағынаны, оның ішінде жеке-дара әлеуметтік-қоғамдық құбылысты білдіретін сөздер көп емес. Ол - түрік тілінде *ахилік* деп аталады. Шығу тегі діни-философиялық, кейінірек әлеуметтік мән-мағынаға ие болған атау уақыт өте келе ұлғайып қазіргі көрінісіне ие болған: әу баста сопылық тарикат негізді діни қауымдастық; одан әрі, бірақ бастапқы діни (сопылық) ілімін сақтай отырып өндіріс күштерін бір арнаға тоғыстыра білген қоғамдық ұйым немесе ұжым-ұжымдар одағы; одан әрі өндіріс күштерін, атап айтқанда тері өңдеу мен тері өнімін шығарушы тігіншілер, ағаш пен темір ұсталары, зергерлік бұйымдарын жасайтын шеберлерді бір арнаға тоғыстырған бірлестік; одан әрі өсіп ағаш, тері, темір, зергерлік-сәндік бұйымдар цехтары (ұстаханалар) мен қасап, наубайханалардың басын қосқан қауымдастық; бұдан да кеңейе түсіп тауар логистикасы мен қойма, бағалау мен сауда-саттық саясатын қалыптастырған ірі қоғамдық бірлестік ретінде танылған. Сөйтіп тыныш, жайлы ортада пайда болған «имам мен молдалар достығы» уақыт өте келе шынайы өмірдің бел ортасында жүретін діни-қоғамдық бірлестікке айналған. Өздерінің ішкі және сыртқы топтасу принциптерінің қайнар көзін алыстан іздемей өз ішінен таба білген *ахилер* иассаушылардан келе жатқан сопылық ілімінің ізбасарлары ретінде танылады. Сөйтіп, сопылыққа негізделген философияның моральдық және рухани күш-қуатын адами жақсы қасиеттермен ұштастырып, қазақтың моральдық және этикет кодексінә айналған *ұят болады, обал болады, жаман болады* дегеніне саятын ішкі тәртіп пен этиканы қалыптастырған. Бұны «салалық және біліктілік арнаға» бағыттап өндіріс пен сапаны, жалпы коммерция мен марткетингтік іс-әрекеттің негізін қалаған. Одан әрі өндіріс пен коммерцияны ахилік философиясының тұғыры – шындық пен шынайылық, адалдық пен еңбекқорлық идеологиясымен ұштастырған, зинақорлық пен масылдықты әшкерелеген. Қоғамдық белсенділігі арқасында осман елінің шағын, орта және ірі бизнес нысандарының коммерциялық іс-әрекеттерін бірізділікке салуда өлшеусіз үлес қосқан. Өз дәуірінің сұлтан-падишахтарының өндіріс пен сауда, салық жүйесіне қатысты жарлық, қарарларына ықпал еткен. Ахилік төңірегінде өрбитін *мутасаввыф, текке, фүтүввет* сияқты теонимдермен қоса *еснаф, кетхұда, баккалшы* сияқты атау сөздердің этимологиясына шолу жасадық. Бұл орайда Иунус Емре мен Шейх Галиб сияқты ойшыл-ақындардың *Ахилік бірлестігінің* құрушысы *Ахи Евран* туралы айтқандарынан иллюстративті мысалдар бердік. Қазақша аударма еңбектермен қоса түрік тіліндегі түсіндірме сөздік және тақырыптық зерттеулердегі деректерді пайдаландық.

**Кілт сөздер:** Осман империясы, Ахи Евран, Кыршехир, суфизм, текке, еснаф, қолөнер, өндіріс ошақтары, этнолингвистика, ұйым – бірлестік.

### Кіріспе

Қазіргі түрік тілінде *ахи, ахилер, ахилік*, ал ғылыми терминологияда *ахизм* деп аталып жүрген сөздің қазақ тілінде баламасы жоқ десе де болады. Қандай да бір сөз яки атаудың баламасын табу үшін оның мән-мағынасын түсініп алу шарт. Сұрақты осы тұрғыдан алғанда осы *сөз* яки *ұғым* мақаламыздың басты проблематикалық тұсы болса керек.

Кейбір ғалымдар *ахи* сөзін түркізмдегі «ақы» сөзімен байланыстырып «Құтадғу Біліг» сияқты орта ғасыр жазба ескерткіштердегі көріністеріне сілтеме жасайды. Ал түрік зерттеушісі осы жазба ескерткіштегі мәтінде *ақы* сөзінің 33 мәрте қайталанғандығын айтады, 43-ші бәйіт: *Üzün erdi alçaq kılınçı silig; uvutluğ bağırsaқ aқı king elig – Асыл жан, ақкөңіл және биязы мінезді еді; Өзі ұялшақ, мейірбан, жомарт және қолы ашық еді*. Бұдан басқа 55, 58, 104, 257, 1204, 2050 және т.б. бәйіттерді санап көрсетіп, әрбір сөз бен сөз тіркесін мысалмен жабдықтайды (Karasoy, 2003: 3). «Абай тілі сөздігінде» былай дейді: *ақы* 1. еңбекке берілетін төлем; 2. алуға тиісті алашақ; 3. ауыспалы мағынада: пара, ауызбастырық, алым» (Абай тілі ..., 1968: 35). «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»; *ақы*: Істелген жұмысқа, сіңірілген еңбекке төленетін еңбекақы. *Жұмысты ертең тастайық, Бір бүлікті бастайық, Ақы өсіп, сағат кемісін, Осыны мықтап ұстайық* (Мұқанов); *ақы*: Есеп, ұпай. *Атты ақысын жазуға жібермес* (мақал); *Ақысы кетті – ұпайы кетті. Баласы жоқ адамның Әркімге ақысы кетеді, Байбөрі қубас деген сөз, Сүйегімнен өтеді* (Алпамыс) (Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1951: 27), түрінде берілген. Осы сөз Гаркавецтің Алматыда шығарған «Китаб-и Тарджуман» кітабында *великодушный* (ақкөңіл, жомарт) деп беріліп, *жөмерд*, яғни «жомарт» дегенді оқы деп ескертпе жасаған (Гаркавец, 2019: 554). Осы, соңғы анықтаманы мақала тақырыбына жақындау және мазмұндас деп айта аламыз. Себебі, сол кез яғни «Китаб-и Тарджуман» жазылған уақыт пен Ахи Евран өмір сүрген дәуірдің хронологиялық жағынан шамалас екендігі анық. Бұдан мынадай сауал шығуы мүмкін: түркі (оғыз) тілдерінің тарихи даму тұрғысында *ақы* – *ахи* сөзі мен *жомарт*, *ақкөңіл* сөзі синоним, мағыналас болған ба?

Ұқсас проблематикалық тұсты мына жазбадан көре аламыз, яғни мақала авторы *ахи* лексемасын сопылық, сайып келгенде діни-философиялық ұғым *футувва* теонимімен байланыстырып, екеуін синоним сөздер деген, *ахи*. 1) «сергек, жасампаз»: ер адамға, жігітке жарасатын көңіл-күй мен мінез-құлық көрінісі. 2) Діни бірлестік, ұйым яки тарикаттардың жалпы атауы. Олардың қайсыбірі қолөнер мен шеберханаларға қатысты болып өз заманының нарығын реттеп-баптап отырған ірі қоғамдық күшке айналған. Бұл күш мұсылман шығыс қалаларында ХХ ғ. дейін ықпалды болған. Өз дәуірінің билігіне көмегін, кейбір кезде оппозиция болып, тигізіп отырған. Бұлар жабық, өз иірімінде жасырын жүруге бейімделген топ-топтар ретінде де танылады. Басқару жүйесі қатал иерархияға бағынған, шейх-көшбасшылары болған, өз қатарына жаңа біреуін қабылдар алдында «қабылдау ритуалдарын» орындаған. Бұл ритуалдарды басқа да сопылар да орындап «жұмыс бабы» этикетін қалыптастырған. ...Уақыт өте келе *футувва* сөзі мінез-құлық пен адами тұлғаның моральдық-этикалық кодексі дәрежесіне жеткен. Бұл кодексті діни бірлестік яки діни ұйым немесе *братство* (бауырластық) сияқты иерархиялық жүйеге бағынған ұжым мүшелері қолдауға және бағынуға міндетті болған. Мұндай *братстволар* Иран мен Кордова Халифатында, Кіші Азияда кең тараған (Шамсимухаметова, 2018: 41). «Орыс тілінің түсіндірме сөздігі»: *братство* 1) то же, что содружество, боевое братство – *қауымдастық, әскери бауырластық десе де болады*. 2) название некоторых монашеских орденов, религиозных организаций, обществ – *кейбір монах ордендері, діни ұйымдар мен қауымдастық* (Ожегов, 2004: 58). Мұнда әлбетте, 2. нөмірмен берілген «монах ордендері, діни ұйым, бірлестік» деп келетінін басшылыққа алатындығымыз сөзсіз.

Егер осы деректерді бір-бірімен жиынтықтай қарасақ мына байлам шығуы мүмкін: осман-түрік тіліндегі *Ахи* сөзі бастапқы антропонимдік, жалқы есім тұлғасынан шығып немесе кеңейіп, көптік жалғаулы қосымша алу арқылы *ахилер* атауына ие болған. Көптік жалғау сыпайылық білдіру функциясын қосқан; одан әрі «заттанып» жалпылама мағынаға ие болып атау сөз функциясын алған, сөйтіп термин яки жеке ұғым дәрежесіне көтерілген. Соған қарағанда қазақша мағыналық көрінісі *ағалар ұйымы, ағайындылар, аға-іні қауымдастығы, бауырластар қозғалысы, бауырластар ұйымы, жомарт жандар бірлестігі, мейірбандар қауымдастығы* сияқты синондер тізбегімен жалғасуы мүмкін. Алайда бұл

вариант бастапқы лексикалық мәніне сілтеме жасағанымен көлік доңғалағының бір бөлшегін атағандай «сұйылып» кету қаупін сақтайды. Яғни канондық тілдегі философиялық мән-мағынасынан айрылып моральдық-этикалық, теологиялық-теонимдік, тәңіршілдік-құдайшылдық, киелілік-сақральдық, мифтік-образдық, персонификациялық – Ахи Еврандық мән-мағынасын жоғалтады. Соған қарағанда *ахилер*, *ахи бірлестігі*, *ахи қауымдастығы* деп түпкі тіл (осман-түрік тілі) формасының семантикасын сақтап атаған жөн болса керек.

Мақала мақсаты проблематикалық тұстарды талқылауға арналғанын ескерсек қазақ әдеби тілінің классикалық үлгісімен ықшамдап *ахизм қозғалысы*, *ахизм феномені* деп атау бек мүмкін. Сонымен қатар әу бастағы діни-философиялық, сопылық-иассауишылдық рамкасын сақтау мақсатымен қазақыландырып *ахи сопылары* (*ахилік сопылар*) деп атау да ықтимал варианттардың бірі.

### Зерттеу әдістері мен материалдар

Әрбір ел мен халық өз жері мен өз ойшыл-оқымыстыларын зерттеуде алдыңғы қатарда жүріп, ұрымтал әдіс-тәсілдерді іздейтіні табиғи үдеріс болса керек. Мұны Ахи Евранның отаны – көне Анадолы жері, қазіргі Түркияға шендестіре айта аламыз. Себебі *ахилік дәстүрі* Ахи Евранның тұлғасымен қатысты болса, қазіргі Түркияның тарихы ахилік феноменін айналып өте алмайды. Себебі Осман империясының сан ғасырлық тарихында *ахилер* өшпестей із қалдырып, халықтық салт-дәстүрінен бастап күнделікті тұрмысына дейін ықпал еткен. Мұны тиісті материалдар тізбесінен байқауға болатындығындай, осы сөздің түп-төркініне қараған түсіндірме сөздіктердің интерпретациясынан да көруге болады.

«Түрік тілі сөздігінде» түбір сөз *ахи* мен туынды *ахилік* сөзі былай берілген: Аhi – I. жомарт; II. бауыр, іні, туыс; Аhilik: I. жомарттық; II. түп-тамыры ескі түрік әдет-ғұрыптарына бойлайтын және Анадолыда даму үдерісінің тамаша үлгісін көрсеткен *еснаф* – зергер; *занаатчы* – маман иесі, іс адамы, іскер; *чифтчи* – диқан, фермер (латифундист) сияқты барлық өндіріс күштерін бір арнаға тоғыстырып, бір ұйымдай қылып қауымдастырған қоғамдық ұйым (Türkçe Sözlük, 2011: 54). Ал түрік тілінің «Екши сөзлүк» деп аталатын электрондық анықтамалығы *ахи* сөзінің мағынасын сәл толықтырып *жомарт*, *қолы ашық*, *қайырымды* сөздерін қосқан. Бұған қоса *bankör* - *бонкөр* сөзімен төркіндес екендігін айта келе «...шілде айында «ахилік мейрамы» бар, мұнда палау, пекмез, айран, лаваш сияқты тамақ пісіріліп тегін таратылады және «кәдесый жұмыртқа» сияқты тағамдар да орын алады» деп көрсеткен: <https://eksisozluk.com/ahi--61347>. *Ахилік* сөзінің анықтамасы 1991 ж. Стамбұлда шыққан «Камус-и түркі» сөздігінде былай берілген: *Ахилик*: ескі түрік салт-дәстүрінің құрамдас бөлігі ретінде Осман мемлекеті тұсында үдемелі түрде дамыған және барлық өндіріс күшін бір арнаға тоғыстырған ұйым (Kamus-i Türki, 1991: 17). Бұл сөздікте *ахи* деп жеке тұлғада берілмеген. Ал 2003 ж. Анкарада шыққан «Қыпшақ тілі сөздігі» «Аhi – kardeş; ахи – бауыр, іні» деп бір-ақ сөзбен тиянақтаған (Кірçак Türkçesi Sözlüğü, 2003: 4).

*Ахи* атауы 2023 ж. Алматыда шыққан кітапта біршама толығырақ баяндалған, біз қажетті көрінген тұсын дәлме-дәл бергенді жөн көрдік: «1355 жылы тамыз айында болған осы пікірталаста Палама христиандықты қорғап бағады. Ал мұсылман ғалымдар тарапында Ахи ұйымының мүшелері, қысқаша «Ахилер» деген атпен танымал болған ғалымдар болады. Палама мұсылмандардың түсіне бермейтін үштік Құдай теориясына байланысты баяндама жасайды. Содан кейін пікірталас Иса пайғамдардың бір уақытта әрі Құдай әрі адам болып-болмайтындығы жайлы болады. Сол кезде Орхан Паламаға: «Біз сенің пайғамбарыңызға сенеміз. Ал сен неге біздің пайғамбарымызға сенбейсің?», - дейді. Одан тағы бірнеше теологиялық мәселе қозғалады. Палама осы пікірталаста мұсылмандарды жеңім деп ойлайды. Ал мұсылмандар болса Паламдан қанағаттанарлықтай жауап ала алмағандықтарын алға тартады. Пікірталас сонымен бітеді. Орхан Газидің құзырынан ахилер рұқсат сұрап шығып кетеді. Дәл сол кезде ойламаған жерден ахилерден біреуі қайта келіп Паламаның

көзінен жұдырығымен ұрып жібереді. Ахилер болса оны ажыратып кері алып кетеді. Паламаның естелігіне қарасақ әлгі оны ұрған жасақты адамдар Орхан Газидің құзырына жазалау үшін алып кеткен көрінеді. Паламаның бұл естелігі тек аталмыш пікірталас жайында емес, сонымен қатар сол кездегі османлылар жайлы да мағлұматтарға бай. Оның айтуы бойынша Бурсадағы мұсылмандар ашық аспан аясында жүргенді ұнататын, өте сергек, көңілді әрі қарапайым адамдар. Ал *Орхан Гази* болса халық арасында емін-еркін жүре алатын, кез кедген адам алдына именбей кіре алатын патша. Сонымен қатар Палама Орхан Газидің жұма сайын садақа беретіндігін және сол үшін патшаның садақасына жауапты арнайы қызметшілер тағайындап қойғанын да айтады. Палама Осман мемлекетінің күш алып дамуына *ахилер бірлестігінің* де едәуір үлес қосқандығын атап айтқан» (Калын, 2023: 218-219). Шағын үзіндіден байқалғанындай қазақша аударылған тұсы сәл шашыраңқы шыққан. Алайда атау сөз/жалқы есімдер төңірегінде жекелеген болжау айтуға болады деп есептейміз. Мұндағы «Палама» (бір жерде «Палам» деген – Е.Е.) деп отырғаны 1296 жылы Константинопольде туып өскен архиепископ, мистицизм тараптары, христиан миссионері болса керек. Бұл мәліметті еркін қолжетімді интернет көзінен алғандықан дереккөз сілтемесін беруді жөн көрмедік. Ал «Одан тағы бірнеше теологиялық мәселе қозғалады» деген дүбара сөйлемнен ахилер тарапынан мұсылмандық (сопылық), Палама тарапынан христиан дінінің «артық-кемшілігі» туралы пікірталас болғандығын болжай аламыз.

Цитатада аталып өткен *Орхан Гази* туралы. Халықаралық Түркістан энциклопедиясының «Осман сұлтанлығы – Осман империясы» графасында былай дейді: «... Осман Бейді Византияға қарсы тұратын және басқа бейліктерді қорғайтын басшы дәрежесіне көтеріп, нақты саяси элитаның пайда болуына әкеліп соғады. Енді Самса Чавуш, Қоңыралып, Ақша Қожа, Айқұталып, Абдрахман батыр бейліктерінің басын қосып, бірінші кезекте Византияны үркіткен әскери-саяси құрылымның негізін қалайды. Осман Бей Инөнү, Ескишехир, Қаражахисар және т.б. елді мекендерді жаулап алғаннан кейін, салжұқтарға бағынбайтындығын мәлімдеп, 1300 ж. 27 қаңтарда тәуелсіздігін жариялайды. Бұл әскери жорығында Византия мемлекетінің іргесін шайқап, жаңа жерлерді бірінен кейін бірін жаулап ала бастайды. Бұл үрдіс Бейліктің аумағын кеңейте түсіп, Әскери Кеңестің басшысы етіп, 1320 ж. ұлы *Орхан Газиді* (Орхан Батыр) тағайындауына себеп болады. Дәл осы уақыттар стратегиялық маңызы зор *Бурса қаласы* османдықтардың қолына өтіп, соңынан астана болып жарияланады. Осы дәуірден бастап Осман елі Шыңғыс Хан әулеті шапқыншылығынан ойсырай жеңілген салжұқтардан біртіндеп алыстай береді» (Халықаралық Түркістан энциклопедиясы, 2000: 517-518). Мұны А.Д.Новичевтің «Түркия. Қысқаша тарих» атты еңбегінің соңындағы «Хронологиялық көрестекіш – Орта ғасыр» графасындағы «1243 ж., 1-ші шілде: Көседағ маңайында селжұқтардың моңғолдар тарапынан ойсырай жеңіліс табуы; 1299 ж.: Селжұқ сұлтанатының тәуелсіз княздықтарға бөлінуі; Осман княздігінің (бейліктерінің) тәуелсіздік жолына түсуі; 1326 ж.: Түріктердің (османдар) Бурса қаласын тізе бүктіріп Осман мемлекетінің астаналық қала ретінде қалыптастыруы» (Новичев, 1965: 253), деген цитатасымен толықтыра аламыз.

Аталмыш әдебиеттердегі деректерді тарихи–салыстырмалы тұрғыда пайымдасақ хронологиялық және аумақтық жағынан сәйкес келіп *Ахилер бірлестігінің* бастапқы кезеңі селжұқтар дәуірі соңы мен османдық бейліктер дәуірінің басында толығымен қалыптасып үлгерген көпшілік (қоғамдық) ұйым/бірлестік екендігін көре аламыз. Бұған қоса *Ахи бірлестігінің* сол кезең осман түріктері мемлекеттік құрылымының діни-идеологиялық тұсын да қамтамасыз еткен ірі әлеуметтік-саяси қозғалыс болғандығын пайымдауға болады. Мұны кейбір зерттеушілердің «фүтүввет конценптісімен» байланыстыра зерттеген ізденістерімен толықтыруға болады. Себебі османдықтардың әу бастағы мемлекеттік, ал шешуші сәттерде жаугершілік идеологиясы исламға негізделгені анық. Бірақ бір қызықты тұсы, - ахилер күнделікті өмірінен бастап әлеуметтік-тұрмыстық тұрғыда негізінен

иссауишылық – сопылық идеологияны басшылыққа алған, - бұл өз алдына жеке және ірі тақырып бола алатындығы сөзсіз.

### Талқылау

Іздестіру барысында көргеніміздей ахилер яки *Ахилер бірлестігі* туралы зерттеулер Патшалық Ресей заманында да жарияланып тұрған. Бұған В. А. Гордлевскийдің еңбектері мысал бола алады. Соның бірі «Известия Академии Наук СССР. 1927 – КСРО Ғылым Академиясы Хабаршысы. 1927» деп барып, одан әрі «Дервиши Ахи Эврана и цехи в Турции» В.А. Гордлевского. (Представлено академиком В. В. Бартольдом в заседании Отделения Исторических Наук и Филологии 30 марта 1927 года) - *Ахи Евранның дәруіштері және Түркиядағы ұстаханалар (30 наурыз, 1927 жылғы Тарих ғылымдары мен филология бөлімінің жиынында В.В. Бартольд тарапынан ұсынылған)* деп аталатын еңбегі. Осы кітаптың белгісіз, яғни ресми емес пдф форматының 6-шы, ал түпнұсқа деп көрсетілген 1176-ші бетінде былай дейді: Түрік тіліндегі «ахи» сөзі тек қана «ахи, ахилер» бірлестігіне қатыстылығын білдіреді. Ал «Евран» деген лақап ат, төркіні жылан культімен байланысты, мұны Анадолы жұрты жиі қолданады. Бесім Аталай маған былайша жеткізді: *Uşak - Ұшақ* провинциясында бір қарғыс сөз бар екен: еврен гиби деврил – *евренге ұқсап шалқаңнан түс* (евренге ұқсап өле қал – Е.Е.). Бұған қарап Евранның есімін жылан культімен ұштастыра аламыз. Ол былай, Чорумда «Жылан Баба» есімді біреу жерленген. Жартас бүйіріндегі *текке* ауласында шағын жерошақ, лашықтар бар. Ал оның алдына ағаш науа қойған. Күн сайын осы науаға сүт құйып қояды. Жыландар күн сайын келіп сол сүтті ішеді.

*Сұлтан Ахи Евран Махмұт* пайғамбардың ағасы Аббастың баласы болған. Бір күні Мұхаммет пайғамбар өзінің «асхабтарын» жинап алып Аббаспен бірге қасиетті тумен сапарлауға әмір береді. Алайда Аббас өзінің «әлдеқайда әлсіз екендігін» желеу етіп, бұл тапсырманы өзінің ұлына, тегеурінді, күштірекке беруін сұрайды. Пайғамбар келісіп туды өз қолымен Махмұтқа табыстап тұрып былай дейді: «Сен Ахи Еврансың! Аббастың өлі ұрпақтары тірілмей тұрып 32 ұстаханаға ие бол да басқар!». Одан кейін: «Қане, тұрындар да, сапарға аттанындар!», дейді. Бұл - бейсенбі болатын. Ахи мен «асхабтары» қайсарлық көрсетті. Соғыстан қайтып келген соң пайғамбар Әлиден «Махмұт қалай соғысты?», деп сұрады. «Бір қолымен туды, екінші қолымен қылышын ұстады», деп барып «Жауларын айдахарды өлтіргендей қырып салды» деп жауап береді. Сол кезден бастап пайғамбар Ахиді «Евран» деп атады. Мұны ести сала «асхабтар» Ахиге «көк жапырақ» сыйлық табыстады. Пайғамбар «Ал сен не бересің» деп Әлиден сұрады. Әли: «Құдай-тағаланың бұйрығымен және пайғамбардың сөзін ести сала мен оған қызым – Рукияны беремін», деді. Той салтанаты үш күн үш түн жалғасты. 1-ші күні 33 қой сойылды, 2-ші күні 33 қара ешкі сойылды, 3-ші күні 33 қара бұқа сойылды. Сөйтіп Ахи Евран Махмұт пайғамбар алдына келді, ал пайғамбар оны қолынан жетелеп имам Әлидің аспаздық үйіне алып келді де сойылған малдардың терісін табыс етті. Ахи Евран, Құдай-тағаланың әмірімен барлық теріні бір-ақ күнде тазалап-өңдеп «елван» деп аталатын түрлі-түсті бояумен әрледі. Сөйтті де мұқият буып-реттеп пайғамбарға алып келді. Барлығы Ахидің жылдамдығына қайран қалды. Ал Әли болса бір теріні алды да қолындағы таяқпен түртіп жалтыратып жіберді. Сөйтті де былай деді: «О, пайғамбар! Ол ұсталықты меңгерді. Енді оны *шебер* деп қалай атамасқа!». Сөйтті де Әли Ахи Евранның беліне «шедд» белбеуін байлап батасын берді. Осының бәрін қайран қалып көріп тұрған «асхабтар» Ахи Евранның құрметіне құран оқып, дұға бағыштады. Өздерінің бұдан былай Ахи Евранға «адал екендіктерін, *Ахи жолымен, Ахи бұйрығымен* жүретіндіктерін жариялап ант етті».

Осыдан кейін *Ахи Евран шейх Махмұт* ел аралады, көп жерлерде болды. Соңында Гүлшехир яғни Кыршехирде кідіріп өзінің «теккесін» құрды. Қай жерде болса да ғажайып істердің басы-қасында болды. Кыршехирге келгенде жергілікті халық оған айдахар туралы шағым айтты. Осы айдахардан құтқаруын қалады. Ахи Евран айдахарды тауып тыныштыққа

көндірді, сол кезде айдахар Ахи Евранның күш-қуатын мойындап: «Сен – Евран Ахисің!», деді. Ал Ахи Евран айдахарды шынжырмен орап өзінің зауытының (ұстаханасының – Е.Е.) алдына байлап қойды. Мұны көрген халық Ахидің алдында бас иіп, тағзым етті. Ахи Евран 93 жыл өмір сүрді (Гордлевский, 1927:1177).

Осы мәліметті 2017 ж. Мәскеуде шыққан «Ремесленная культура цехового крымско-татарского мастера по изготовлению традиционной кожаной обуви (по рукописным и опубликованным материалам В.А. Гордлевского) – *Қырым татарының былғары аяқ киім тігудегі ұстаханалық – шеберлік мәдениеті (В.А.Гордлевскийдің қолжасбасы материалдары негізінде беріліп отыр)*» атты мақаласынан көруге болады (Непомнящий, 2018: 590).

Енді цитатада өткен Гордлевскийдің *текке* яғни орысшалап берген *завийэ* деген сөзі туралы. М.С.Мейер «Терминологиялық сөздік» бөлігінде былай деген: *завие* – дервишская обитель – *дәріштердің тәу ететін орны* (Мейер, 1991: 287). «Камус-и Түрки» сөздігінде, *Текке*: 1. з.е., арапшадан кірме сөз; синонимі: истинад, иттика: *Dünya mülkü üzerine tekiye (ittika) doğru değildir – әлемнің дүние-мүлкіне көз тігу дұрыс емес* (құдайдың қарғысына ұшырау, барды бағалай білу, барды қанағат тұту); 2. Қандай да бір шейхтің басшылығында дәруіштер тобының орындауға міндетті іс-әрекеттері: зікір мен чиле, - дервиштер жабық жерге тұрақтап 40 күн бойы тарикат ритуалын орындауға кіріседі. Осы уақыт ішінде тамақ пен су ішу және ұйқыны мейлінше азайтады, өзін-өзі «қадай-тағалаға береді», - жаратқан ие атына үнемі тәу етумен болады; 3. Психотроптық (марихуана–қарасора) зат қабылдайтын жабық орын; 4. Кезбе – кеңкелестердің кездесіп отыратын, жиналатын орны (Kamus-i Türki, 1991: 1332). Осы, «Камус-и Түркидегі» 3 пен 4-те: «наркомандардың орны мен кезбе-кеңкелестердің жиналатын жері» деген анықтамасына назар аудардық. Яғни сол дәуірдің өзінде, егер «позиция – оппозиция» принциптері бойынша болжам жасасақ, сопы мен иассауишы, яғни ахилердің өз «оппозициясы» болғандығын айта аламыз. Бұлар, біздің ойымызша ахилерді «мұсылман деп» танымай көпшілік алдында «нақұрыс, есерсоқ, наркоман» деп көрсеткенге талпыныс жасаған. Бұл үдеріс, яғни позиция (ахилер) мен оппозицияның (негізінен арапнәсілді радикалды әсіре діншілдер) ондаған, мүмкін жүздеген жылдарға созылған теке-тіресі нәтижесінде тілдік көрініс тапқан. Басқа сөбен айтқанда халықтық лексиканың көрінісі ретінде өміршеңдігін қорғап қалған. Сөйтіп «текке» сөзінің антонимдік екі тұлғасы ғасырлар бойы ілеспелі түрде қолданыста болған.

Анатолия түріктерінің ішкі консолидациясында сопылық-иассауишылық қашанда басым түсіп отырған. Мұны қазақ-қырғыз бен ноғай-қарақалпаққа етене жақын «әулие», «әулие адам» концептілерінен көре аламыз. Яғни «ахилік бірлестігінің» құрушысы Ахи Евран осман түріктері үшін *әулие адам* болған: «...1572 жылы Рим папасы V Филипп қайтыс болғанда, оның орнына XIII Григори такқа отырды. Махмұт бұл оқиғаны егжей-тегжейлі баяндап, рәсімдерге сипаттама береді. Юлиан күтізбесін реттеп, бүгінгі Григори күнтізбесінің қалыптасуын қамтамасыз еткен Рим папасы Григорий де 1575 жылы тұтқын алмасуды жүзеге асырған адам. Сұлтан III Мұраттың бастамаларымен жасалған келсімнің нәтижесінде Хинди Махмұд 64 жасында бастандыққа қол жеткізіп, Ыстанбұлға оралады. Өмірінің соңғы жылдарын 7867 шумақтан тұратын «Қисса-и Әнбия» атты көлемді шығармасын жазумен өткізіп, кітабын *III Мұратқа* ұсынады.

Хинди Махмұдтың Римде тұтқында болған жылдары жасаған сараптамалары дін, тарих, мәдениет және әдебиет тұрғысынан маңызды. Бірақ одан тыс шетел елде қамауда жатқан Осман ақынының сезімі мен қиялы тақырыбымыз тұрғысынан ерекше назар аударуға тұрарлық. Тұтқында болған кезде Махмұд ешқашан үмітін үзбей, Аллаға жалбарынып, Пайғамбарға салауат айтып, Қызыр, Әмір Сұлтан, Ахи Еуран сияқты әулиелерден көмек сұрайды. Римдегі түрмеде ораза айтын өткізгендегі азапты сезімдерін мына жолдармен сипаттайды:

*Жат жерде болдық сергелдең*

*Алла, бер медет, бер дәрмен*

Арманға айналған Римнің де бір күні жаулап алынатынын айтып, соған дұға етеді. 1572 жылғы көтерілісті меңзеп, былай дейді:

*Рим де құлайды иншаллах  
Мүміндер салар таланға.*

Бір күні ол түсінде Рим папасының түрік/мұсылман болғанын және Ислам әскерлерінің Римді жайлап алғанын көреді:

*Папа бір күн түрік болды түсімде  
Түріктердәң қолына өтті Рим де.  
Мұны естіп аң-таң болды барлығы,  
Дінсіздердің басталатын зар-мұңы.  
Ғайып ерен бір ишарат бергендей,  
Я, Алла, нәсіп қылып қолдай гәр! (Калын, 2023: 299).*

Әлбетте осы, қазақ тіліндегі аудармасын түпнұсқа яғни түрік тіліндегі жарияланымына сай деп үміттенеміз. Себебі аудармашы аздаған кемшілікке жол беріп, жоғарыда атп өтекеніміздей, мағыналық жағынан шешуші тұсын «жайып – шашып» жіберген. Дей тұрғанмен осы цитатадан көрінгеніндей Осман, яғни Ахи Евраннан кейінгі дәуірде де ислам құндылықтары басты және жетекші қоғамдық-саяси идеология ретінде танылған. Тақырып аясында бізге керегі Ахи Евран есімі неге Қызыр және Әмір Сұлтан аттарымен қатар берілді. Олар кім? Османдық патша – *III Мұрат* қай жылдары ел басқарған?

Қызыр туралы; Түрік тілі электрондық сөздігінде *Хызыр* деп барып, одан соң *Хыдыр* және *Қыдыр* деген варианттары бар деген ескертпемен жалғастырған: «Хызыр, түрік, ислам және Таяу шығыс наным-сенімлерінде пайғамбар болуы мүмкін деген адамдарға қаратып айтылады. Қысылтаяң шаққа тап болған адамға басқа біреудің қылығы мен пошымына еніп ерекше, адам ақылына қонымсыз көмек көрсетеді. «Мәңгілік өмірге яғни өлімсіздікке қол жеткізген адам» деген сөздер де бар». Бұл мәлімет гугл-мотордан алынғандықтан сілтемесін беруді жөн көрмедік. Алайда, осы мәліметті академиялық басылымдағы көрінісімен толықтыра аламыз: «мәңгілікке – өлімсіздікке қол жеткізген Илиас Пайғамбардың лақап аты: Хызыр Илиас; Илиас күні: Христиандықтар атап өтетін «Әулие Григори» күні. Ол 23-ші сәуірден бастап Қараша айының 26-ғы «руз-ы қасым», яғни «қасиетті қараша күні» мейрамы. Христиандықтар өстіп 1 жылды екіге бөледі; ағаштардың бүршік жарған, айналаның көкке оралған маусымы (Kamus-i Türki, 1991: 505). Ал Оңдасыновтың сөздігінде мына жолдар бар: «Арабтың бұл *дад* деген әрпін қазір араб алфавитін қолданатын парсылар, ауғандар сияқты оны бұрын қолданған елдерде *зад* деп алған, бізде де солай. Арабтың *қадый, қады, рамадан, қыдыр* деген сөздері *қазы, қазы, рамазан, қызыр (хызыр)* болып айтылатыны сондықтан» (Оңдасынов, 2010: 165). Мұны мына дерекпен толықтыра аламыз: *Қыдыр*. Араб тілінің «көк», «көкпеңбек», «жасыл» деген мағынасын беретін сөзі. Өз заманында Қыдыр пайғамбар қай жерге отырса, сол жерден көктеп жас шөп шығады екен. Сондықтан «Қыдыр» деп атапты. Ол мұсылмандарға көмектесу үшін Алла тағаладан өмір сұрапты. Тілегі қабыл болыпты. Мақсатына жету үшін мәңгі тірі суын ішіпті. Қыдыр пайғамбар туралы әңгімелер халық санасында жақсы сақталған (Есімова, 2021: 18).

Әмір Сұлтан туралы; Мұны түрік ғалымы Фуад Көпрүлүннің *Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar – Түрік әдебиетіндегі алғашқы сопылар* атты еңбегінен көре аламыз: «...Юнус Емренің көптеген қолжазба яки баспа (полиграфиялық) кітаптарында кездесетін кейбір материалдарға қарағанда, мысалы Қажы Байрам Вели немесе Әмір Сұлтан, хронологиялық

тұсынан Иунус Емреден кейінгі ірі мутасаввыф тұлғалар, - осыларға қатысты құрмет пен ұлықтау элементтері кездесіп отырады. Мысалы, «Bize dervişler geldi - Бізге дәруіштер келді» атты шумақта Қажы Байрам Вели туралы айтылады:

<i>Hacı Bayram İli'nde</i>	<i>Қажы Байрам елінде</i>
<i>Şeker damlar dilinde</i>	<i>Шекер тамған тілінен</i>
<i>Bergüzar var elinde</i>	<i>Кәдесый бар қолында</i>
<i>Bize dervişler geldi.</i>	<i>Бізге дәруіштер келді.</i>

Дегенмен, Қажы Байрам Велидің өлген уақыты Хижра есебімен 833 ж. ал Григорианмен 1429-30 жылдар арасы болуы керек. Тура осы уақытта өмірден қайтқан *Әмір Сұлтан* атымен белгілі болған Шейх Шемседдин Мухаммед бин Али Хүсеин Бухари туралы деректер Иунус Емренің диванында жекелеген мотивтерде кездеседі:

*Bahr-i isyandan halas olmag için ihlas ile  
Sıdık ile Emir'in eteğini tutalım.  
Yunus Emre söyler sözü, aşk olmuş gönlü gözü  
Unutman suadan bizi Emir Sultan Türbesinde  
Yunus sana candan tutmuştur özü  
Hem mübarek ruhuna sürer yüzü  
Efendim ceddine ulaştır bizi  
Yeşil tonlu Emir Sultan merhaba.*

*Теңіз толқынындай тап берген нәубетке дұғамызбен  
Сыдық пен Әмірдің етегінен ұстайық.  
Юнус Емре айтсын сөзді, гашық болды көңілі мен көзі  
Тастама дұғаңнан Әмір Сұлтан мазарында.  
Иунус саған жан-тәнімен ынтызар болды  
Қасиетті рухына бағыштап бетін сипады  
Ағатай жеткізе көр атамызға  
Көк тонды (зікір айтқан әсем дауысты) Әмір Сұлтан, – армысыз (Köprülü, 1991: 264).*

*Мутасаввыф* лексемасының «Türkçe Sözlük - Түрік тілі сөздігіндегі» көрінісі: арапша кірме сөз. Тасаввуф наным-сенімі арқылы өзін-өзі Тәңірге арнаған адам. *Сопы* (Türkçe Sözlük, 1999: 963). Ал Гаркавецтің «Қыпчакское Евангелие Чарльза Фрейзера Карас, Астрахань, Оренбург 1803 – 1820» деп аталатын «Қыпшақ Інжілінің» сөздік бөлігінде *сопы* сөзі *суфи* деп арапшадағы жуан «-сы» *садпен* берілген: *суфи*: набожный, богобоязненный, благочестивый; *суфилик*: набожность, богобоязненность, благочестие, благочестивость (Гаркавец, 2013: 518).

ІІІ Мұрат туралы; ...Осман елі Жерортта теңізін қайтадан бақылауға алды. Осы жолы Венецияның әскери-теңіз күшін жеңіп қана қоймай материалдық шығынды күшпен өндіріп алды. Кипр қайтадан Осман елінің қол астына өтті. Селим ІІ ханнан кейін таққа отырған *Мұрат ІІІ* дәуірінен (1574 - 95) бірінен кейін бірі болған қақтығыстар сәтсіз аяқталып, әскери құрылымға үлкен зиянын тигізумен болды. Ал 1578 ж. басталған аймақтық дәрежедегі ұрыстар мен ұзақ мерзімге созылған соғыс жағдайы елдің әлеуметтік жағдайын қиындата түсті (Халықаралық Түркістан энциклопедисы, 2000: 523).

Юнус Емре туралы; «Юнус Емренің құрғақ, таза, сонымен қатар мәнді де мәнерлі өлеңдері өзінен кейінгі, әсіресе тасаввуф айналасындағы ақындарға зор әсер еткен. Ал, бұл өз кезегінде «өзінен басқа» «Емрелердің» пайда болуына әкеп соққан. Сондықтан Иунус Емре бізге, осы заманға «көбейіп» жеткен. Ақын еңбектерін зерттеуші ғалымдар шынайы

Емре мен «жалған Емренің» ара-жігін айыру үшін көп еңбектенген. Бұл «еңбек» осы күнімізде де жалғасуда. Соған қарағанда, мүмкін, Юнус Емре бізге «өзінің матафизикасымен ойнап» барлығымызды «Молда Қасымның» орнына жайғастыратын шығар. Иунус Емре шығармалары ескі қаріптермен бірнеше рет жарияланған. Жаңа қаріппен алғашқы басылымы Бурхан Топрак тарапынан жарық көрді: «*Юнус Емре диваны I-III*. Стамбұл, 1933 – 1934». Ақын еңбектерін алғаш рет ғылыми тұрғыда талдаған Абдулбәки Гөлпынарлы болған: *Юнус Емре диваны*, Стамбұл 1943; *Иунус Емре, Рисалетү-н –Нұсхише және Диван*, Стамбұл 1965. Фарук Кадри Тимурташ ақын еңбектерін тұңғыш рет ғылыми комментариймен жабдықтап түсініктемелермен толықтырған: *Юнус Емре диваны*. Стамбұл 1972; Ақын еңбектеріне қатысты соңғы ғылыми жарияаным Мұстафа Татчы тарапынан орындалды: *Иунус Емре I-II (анықтағыш – мәтін анализі)*, Анкара 1990. Бұл еңбекте «шынайы Юнус Емренікі» деп танылған 415 өлең өндіріске енген» (Ercilasun, 2004: 444).

### Зерттеу нәтижелері

«Eğitim Bilime Giriş - Педагогикаға кіріспе» атты ұжымдық монографияның «Халықтық білім беру» графасының «Селжүк мен османдықтарда халықтық білім беру» деп аталатын графасында бөлігінде ахилік бірлестігінің тәрбие, білім беру сияқты ағарту істеріне араласқандығы туралы мәлімет бар: «Ахилік дәстүрі/бірлестігі селжүктер дәуірінде пайда болып осман елі дәуірінің бастапқы кезеңінде дамуының шарықтау шегіне жеткен. Бұлар тұрмысы нашар жандарға, қиындыққа тап болғандарға, жетім--жесір мен жәбірленгендерге көмек көрсетіп отырған. «Ахи» деп аталатын басшылары қол астындағылардың шашауын шығармай үлкен біліктілікпен басқарған. Жекелеген әлеуметтік топтарға көмек көрсету барысында ұжымдық тәртіп пен өз ісіне деген ынта-жігерін көрсете білген. Ахилер ара-тұра бас қосып халық әндерін орындаған, би билеген, сөйтіп көпшіліктің көңілін аулауға талпыныс жасаған. Мәдени тұрғыда өздері ғана дем алмай жұртшылыққа да пайдасын тигізіп отырған» (Eğitim Bilime Giriş, 1997: 270). Ал түрік әдебиеттанушысы Мехмет Каплан ахилікті сопылық ілімі төңірегімен ұштастырып Шейх Галиб (Şeyh Galib) шығармашылығымен байланыстыра зерттеген:

*Sendedir mahzen-i esrar-ı mugabbet sende*  
*Sendedişr ma'den-i envar-ı furuvvet sende*  
*Gizli gizli dahi vardır nice halet sende*  
*Ma'rifet sende hüner sende hakikat sende*

*Махаббат сырларымның ұйтқысы сенсің (Тәңірім)*  
*Мейірім мен ұлылықтың бұлағы сенсің*  
*(Тәңірім Айтарың жұмбақ, нұрың жасырын (Тәңірім))*

*Білім сенде, өнер де сенде, ақиқат сенде (Тәңірім)* (Мақаладағы курсивпен берілген өлең шумақтарының аудармасы – мақала авторынікі)

Осы бәйіттен кейін Шейх Галиб тілін «өте ашық, түсінікті» дей келе, «адам айналасына мейіріммен қараған, сүйген» деп, одан әрі «футуввет сәулесі» ұғымымен тиянақтайды. Мұны «футуввет сөзі османдықтарда тектілік пен текті адамды, мәрттік пен серілік, жастық - бозбала шақты, қолы ашық, жомарттық дегенді білдірген» деп толықтырады. Одан әрі «.. мәлім болғанындай Анатолияда Селжүк мемлекетінің жойылу дәуірі басталған кезеңінде діни постулаттар мен діни (сопылық) принциптерді негізге алған кәсіпкерлік (еснаф) яғни футуввет бірлестігі құрылған. Бұны кейінірек *ахилік* деп атап кеткен. Ал Шейх Галиб 42 жасында өмірден озған. Осы өлеңін қай жылы жазғандығы белгісіз. Дей тұрғанмен, өлеңде жас адамның рухы бар екендігі сөзсіз» (Kaplan, 1987: 33).

Енді *еснаф* пен *футуввет* туралы; *Еснаф* атауын Мейер өте қысқа баяндаған: *Эснаф*, - корпорация торговцев или цех ремесленников – *Еснаф деп саудагерлер корпорациясын немесе (ағаш, темір, тері) ұсталардың цехын айтамыз* (Мейер (1991): 244). Біздің ойымызша Мейердің «корпорациясы» сәтсіздеу балама болған. Ожегов сөздігінде: «Корпорация: 1. Объединенная группа, круг лиц одной профессии, одного сословия – *бір мамандық, бір қауымдастықтың (кланның) төңірегіне шоғырланған топ*; 2. Одна из форм монополистического объединения – *монополисттік бірігу формаларының бірі*» (Ожегов, 2004: 298) деп берілген.

Біздің ойымызша «корпорация» ахилікке мына тұста жұғыспауы мүмкін: бұл атау батыс европалық өндірістік ренессанста пайда болып нақты фабрикалық-зауыттық өнім, оның ішінде конвейерлік үлгідегі өндірістік желі мен товар маркировкасына қатысты болған. Ал ахилер өндірген тауарларда графикалық маркировка (қазақ ру-тайпаларының жылқы санына күйдіріп басатын *балта, ашамай, көсеу* сияқты «маркировкасын» еске алыңыз) болғанымен конвейерлік жүйе – өндірістік желі - графикалық – логотиптік (салық шифры) маркировка болмаған. Мұны әрірек тарқатсақ өндірістік стандартизацияға келіп тұйықталады, ал ахилер өз алдына ондай мақсат пен мүдде қоймаған. Басқа тілмен айтқанда корпорация юриспруденциялық атау, яғни мән-мазмұны мен құрылымы заңдық нормаларды басшылыққа алады, бұл материялық салт-сана көрінісі; ал *ахилікте* барлық нормативтік ереже – жарғылар адамның ішкі рухани жан-дүниесіне бағынған, бұл діни-философиялық – метафизикалық-абстракциялық (сопылық) салт-сана. Мұндай пайым мен түсінік қазақтың моральдық және этикалық кодексі *жаман болады, ұят болады, обал болады* түсінігінің төңірегінде өрбитіні сөзсіз, қараңыз: Эмотивті лингвэкология және ұлттық концептілер: қазақ паремиологиясына эмотивті-прагматикалық көзқарас (Омарбекова, 2025: 99).

Енді түсіндірме сөздікке қарасақ; «Камус-и түркидегі» дерек біршама толығырақ: *Еснаф*, арапша кірме сөз. Осы формасы түрік тілінде жекеше және көпше түрде қолданылады. 1. Бұрынырақта ақсүйек, атқамінерлерге арнайы ат басын бұратын ұста мен сауда-саттық маңайындағы топтарға айтылған: *иорганшы* – көрпеші – көрпе тігіншісі; *баккал* – дүкен – дүкенші – шағын бизнес өкілі; *бакыршы еснафы* – мыс ұстасы – бақырашшы – бақыраш жасаушы ұста; 2. Жаман жолға түскен әйел; 3. Ауыспалы мағынада: Есіл-дерті ақша табумен болған және осы жолда өз ісі мен мамандығын емес ақшаны ғана ойлайтын адам; *Еснаф кетхұдасы*: Үкімет пен биліктің атынан сөйлейтін, әрбір еснафты есепте ұстап қарыз-борыштарын түгендеп-жазып отыратын, салық жинайтын адам. Олар өз араларында сайланып барып үкіметтің мақұлдауынан кейін міндетіне кіріседі. *Еснаф лонжасы* (немесе ложасы): еснафтардың жиналатын, бас қосып пікір алмасатын орны. *Еснаф адам*: өзінің адами қабілеті (шеберлігі) арқасында жеке кәсібін көтере білген, еңбекқорлығы мен тиянақтылығы арқасында шай-пұлын тауып отырған адам (Kamus-i Türki, 1991: 344).

*Футуввет* туралы; 2020 жылы Ахи Евранның өз елі, туған топырағы деп есептелетін Анкара маңайындағы Кыршехир қаласында «Ахилік» атты кітап шықты. Авторы профессор Салахаддин Бекки (Salahaddin Bekki) мен Енис Иалчын (Enis Yalçın). Мұнда *футуввет* сөзіне былай комментарий жасаған: «*Футуввет* арапша сөз. Түбірі «фета». Ал *фитие* мен *фитиан* сөздері осының көпше түрі. Парсылар осының баламасы ретінде «живанмерд» сөзін қолданады. Ал көпше түрін «живанмердан» дейді. Фета сөзі Шемсеттин Сами (Камус-и түрки), Ферид Девеллиоғлы (Осман тілі – түрік тілі түсіндірме сөздігі) және Мехмет Канардың сөздіктерінде «жас, бозбала, жомарт» деп берілген; Мағынасы былай: ешкімнен жасқанбай ақиқатты айта білетін адам. Есту үшін де ақиқатты талап ететін адам. Тілін өтірік сөзден сақтай білетін, құлағын жалғанды тыңдаудан қорғай білетін және көзін алалықтан сақтай білетін адам. Дос-жарандарына мал-мүлкін бұлданбайтын, «бармын» деп ешкімді қараламайтын, басқасына зиянын тигізбеу принципін ұстаушы адам. Дос-жарандарына сұрамаса да, өтініш айтпаса да өзі келетін, қол ұшын беріп септігін тигізетін адам. Қандай да бір істі жасап қойдым, істеп қойдым деп пендешілікке бармайтын, әрбір ісі мен әрекетінен

материалдық пайда тоспайтын адам» (Bekki, 2020: 18). Бұл сөз жоғарыда айтып кеткен «ахилер ішкі (рухани, моральдық) жан-дүниесіне бағынған» деген уәжімізді нақтыласа керек.


Қазақ тіліндегі «аға, ағайын» сөзі қазіргі түрік тіліндегі *ağa, ağabey* сөзімен төркіндес. Ал *ağайын болу, ağайындас(y), aға-іні* сияқты туынды сөздер түрік тіліндегі *kardeş – kardeş olmak – kardeşlik* сөзіне сәйкес келіп *ахилік* философиясы тұғырларының бірі - «аға болу, ағайындық жасау, ағалық көмек көрсету» сияқты ұғымдармен ұштасады. Бұл қазақтың «Ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар» дегенге саятын элеуметтік негізді түсінікке ойысатыны анық. Түрік тіліндегі *kardeş - kardeş* сөзінің қазақша баламасы - *бауыр*. Бұл да *ахизмнің* философиялық тірегі *карdeşлік* яғни *бауырластық концептісін* құрап *ахизм* зерттеулерінің құрамдас бөлігі ретінде қаралуы мүмкін, қараңыз, *бауырластық*: (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011: 139). Ал Гордлевский бастаған ресей зерттеушілері *ахизм* идеологиясының басты тіректерінің бірі, осы *карdeşлікті* «братство» деп аударып, одан әрі ғылыми термин санатына көтеріп «Братство Ахи» дегені анық.

Ал қазақ тіліндегі *ұста* мен түрік тіліндегі *уста* сөзі *ахизмнің* материалдық-өндірістік негізін қалайтын ұғыммен ұштасады: «*Ұста*, «темірші» және «шебер» тәрізді іргелес ұғымдарды білдіретін атау. Ең алдымен «ұста» деп, әдетте темірден неше түрлі бұйым, қару-жарақ жасайтын адамды айтады. Сонымен бірге *ағаш ұстасы, алтын ұстасы, күміс ұстасы* тәрізді қолөнерінің түрлерін ажырататын қолданыстар да бар. К.Юдахин мен Н. Оңдасынов оны иран тілінен енген сөз деп санаса, түркі тілдерінің бір буынды түбірлері мен негіздерінің құрылымын арнайы зерттеген академик Ә.Қайдаров *ұста* атауының шыққан негізі «икемді», «тәжірибелі» ұғымдарында жұмсаған «ұс - us» деген сөз, әрі «темірші» әрі «шебер» секілді ұғымдарын білдірген дейді. Қолөнерінің кез келген саласының *ұстасы* немесе *шебері – құрметті, қасиетті*, ал олардың құрал-саймандары киелі саналған (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі: 2014: 588 б.).

*Ахизм* философиясы халықтық наным-сеніммен де байланысты екендігін ескерсек қазақ тіліндегі *кие* мен түрік тіліндегі *uğur – uğur* сөздерін байланыстыра аламыз: *кие* – халықтық ұғымдағы жанды, жансыз заттарда болатын ерекше тылсым күш, қасиет. Дәстүрлі наным-сенімде қасиетті адамдарды (пайғамбар, әулие, көріпкел), аң мен құсты (қасқыр, марал, аққу), жер-суды (киелі орындар, кесенелер, өзен-көлдер), ғарыштық денелерді (көк, ай, күн, жұлдыз), адамның кәсібі мен есімдерін *киелі* деп санап, оларға сиыну үрдістері болған. Халық дүниетанымында киелі заттарды құрметтеу береке-бірлікті арттырып, құт әкеледі десе, керісінше жағдайда *киесі ұрады* деп есептеледі. Сондықтан киелі саналатын адамдарға тіл тигізбейді, жан-жануарларға зұлымдық жасамайды, киелі дүниелерге зор құрметпен қарайды. Ш.Уәлиханов қазақы ортадағы *кие* туралы наным-сенім жөнінде былай деген болатын: «Қазақтар *киеге* үлкен мән береді. ... *құдіретті күші бар жан-жануарлардың киесі бар дейді, ал олардың өзін киелі деп атайды. Жан-жануарлардың киесін қадірлемеу – киенің қаһарын туғызады. Киенің ашуы, қаһары – кесір деп аталады*». Киелі деп саналатын заттар мен құбылыстардың түрлері көп. Халық арасында олардың желеп-жебеушісі, қолдаушы пірі болады деген де ұғымтүсініктер қалыптасқан. Сондықтан *кие* деген сөз «*пір*», «*ие*» деген ұғымда да қолданылады (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі, 3 т.: 90 б.). «Камус-и түркиде» *uğur – uğur* яғни *кие* сөзінің 3 анықтамасы берілген, біз екіншісін алдық: Кейбір хадистердегідей адамдарға жақсылық әкелетіндігіне сендіретін нышан, белгі. Қайсыбір заттарды «жақсылық әкеледі» деп және «киелі деп» тану (Kamus-î Türkî, 1991: 1404). Ал *ахизм* философиясының материалдық-өндірістік бөлігін құрайтын басқа бір атауларының бірі *занаат* сөзі қазақша *қол өнер шебері* деп (Türk Lehçeleri Karşılaştırmalı Sözlüğü, 1991: 1008 б.) аударылған. Ал *занааттың* түрік тіліндегі анықтамасы: 1) адамдардың материалдық талап-тілектерін орындауға бағытталған іс, әрекет. 2) қолмен атқарылатын іс. Қолдың өнерлі, епті болуын қажет ететін жұмыс түрі (Türkçe Sözlük, 2011: 2643).

### Қорытынды

*Ахилік бірлестігінің* яки *ахизмнің* әу бастағы және негізгі идеологияларының бірі өдіріс пен сауда-саттықтағы «ақыны жемеу», «адал, жомарт болу» принципі екендігі мәлім. Бұл принциптің құралы мен тетігі дін жолымен, ал шешуші және маңызды тұстары сопылық дәстүрмен тіркесе, ортақтаса жүрді. Сөйтіп *ахиліктің* ішкі консолидациясы заманына сай мызғымас күш – діни наным-сенім мен *фүтүввет* деп аталып жүрген сопылық философияға арқа сүйеді. Бұл тұрғыда Ахи Евран еш қателеспеді, - көзі тірісінде қалыптастырып кеткен



1-сурет. *Ахилік*. Проф. Салахаттин Бекки. Кыршехир – 2020.

идеологиясы өмірден өткеннен кейін де жалғасын тауып ғасырлар бойы өміршеңдігін сақтап қалды. Ал өзі, яғни Ахи Евранның адами тұлғасы, уақыт өте келе мифтік бейне алып, киелілік – сакаральдық образға ие болды, қазақы сөзбен айтқанда *әулие* атанса, діни лексионда *шейх* атағына ие болды.

Осы орайда *Ахилік бірлестігі* – *ахизм феномені* зерттеулерінің қазақша танымын 1-ші суретте көрсетілген проф. Салахаттин Беккидің *Ахилік. Ахи Баба Мұстафа Қарагүллі және Кыршехир* еңбегі желісінде құру мүмкін деп ойлаймыз: I. Ахи Евран тұлғасы - Ахи бірлестігінің бастау арнасы; Фүтүввет концептісі, - тууы мен дамуы, термині, атауы, лексикасы, этнолингвистикасы; Фүтүвветнама шығармалары; Ахи Евран тұлғасына қатысты шежірелер; II. Ахи Евранның шығармашылығы, еңбектері; III. *Ахилік бірлестігі* және оның ұйымдасу/ұйымдастыру жүйесі (іші консолидациясының философиясы – өндіріс орындарымен (ұстаханалармен) байланысы); *Ахилік бірлестігінің* таралуы, географиясы. Кітап Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Әлем тілдері факультеті, Шығыс филологиясы және

аударма кафедрасының кітапханасынан алынды.

Сол кезде де, осы уақыта да еңбек пен өнімді, тұтынушы мен өндірушіні бір-бірімен байланыстыратын көпірдің ақша болғандығы сөзсіз. Яғни кез келген коммерцияның өзегі *ақша* мен *пұл*, яғни валюта екендігі анық. Бұл тұрғыда осман елінің ұлттық валютасының атауы «акче» яғни «ақша» болғандығын атап өту орынды болмақ. Үйткені «акче» сөзінің түп атауы (ақ – ақы) *акча* – *ақша* екендігі мәлім, мұны ортағысырлық арап лингвисті Абу Хайян айтып, осы айтылғанды Ахмет Жафороғлы 1931 ж. Стамбұлда шығарған «Абу Хайян. Кітаб әл-Идрак ли-Лисан әл-Атрак» еңбегінің сөздік бөлігінде қайталаған: *ақша*: beyaz, fakat daha fazla para için mustameldir – *ақ түсті айтады, бірақ ақша (валюта – Е.Е.) атауын білдіретін кезі әлдеқайда мол және мығым* (Сафороғлу, 1931: 5). Бұл анықтаманы «Кітаб-и Терджуманда» былай дейді: *акша* см. *Акчаба* муж. *Акчаба* «денежный эмир – ақшалы эмир» (Гаркавец, 2019: 554). Ал ш – ч; а – е, тиісінше *ақша* – *акча* – *акче* варианттарында болғанындай дыбыстық өзгерістерге ұшырау үдерісі редукция немесе комбинаторлық алмасу (Нұрмаханова, 1982: 70) деп аталып сөздің генезисіне әсер етпейтіні белгілі. Кеңес дәуіріндегі османист-ғалым М.С.Мейер былай деген: «*Акче*: серебряная монета, основная денежная единица Османской империи до конца XVII в. - XVII в.соңына дейінгі Осман империясының негізгі қаржы бірлігі (Мейер, 1991: 236). Ал кез келген ақшаның кіші құрамдас бөлігі *тыйын* екендігі белгілі, османдықтар оны *сикке* немесе *куруш* деп атаған.

**Әдебиеттер:**

- Абай тілі ..., 1968 – Абай тілі сөздігі. Ғылым баспасы. Алматы. 544 б.
- Оңдасынов, 2010 – *Оңдасынов Н.Д.* Арабша-қазақша түсіндірме сөздік (қазақ тіліндегі араб сөздері). I. Том. Білім баспасы. Алматы. 167 б.
- Гаркавец, 2013 – *Гаркавец А.Н.* Кыпчакское Евангелие Чарльза Фрейзера Карас. Астрахань, Оренбург, 1803-1820. БАУР. Алматы. 307 с.
- Гаркавец, 2019 – *Гаркавец А.Н.* Китаб-и Тарджуман – Книга переводчика. Египет 1343. БАУР. Алматы. 599 с.
- Гордлевский, 1927 – *Гордлевский В.А.* Дервиши Ахи Эврана и цехи в Турции. Известия Академий Наук СССР, Москва.
- Есімова, 1013 – *Есімова Ж.* Қазаға қатысты қолданылатын сөздердегі діни лексика. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. № 1-2 (141-142).
- Калын, 2023 – *Калын И.* Мен, өзге және өзгесі: Ислам-Батыс қарым-қатынасының тарихына шолу. Қ.А. Иассауи ат. Халықаралық Қазақ-түрік университеті. Еуразия ғылыми-зерттеу институты. Алматы. 615 б.
- Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 1951 – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы. 1т. Редактор С.М.Кеңесбаев. Алматы. 337 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі, 2011 – Қазақ әдеби тілінің сөздігі 3. том, Тіл білімі институты, Алматы.
- Қазақтың этнографиялық..., 2014 – Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. «Азия Арна» баспасы. Алматы. 5 т., 840 б.
- Мейер, 1991 – *Мейер М.С.* Османская Империя в XVIII веке – черты структурного кризиса. Наука. Москва. 260 с.
- Непомнящий, Грушецкая, 2018 – *Непомнящий А.А., Грушецкая В. А.* Ремесленная культура цехового крымско-татарского мастера по изготовлению традиционной кожаной обуви (по рукописным и опубликованным материалам В.А. Гордлевского). Вестник. Серия: История России. т. 17. № 3. С. 581–607. РУДН. Москва. 590 с.
- Новичев К., 1965 – *Новичев К.* Турция. Краткая история. Наука. Москва. 270 с.
- Нұрмаханова, 1982 – *Нұрмаханова Ә.* Қазіргі қазақ тілі. «Мектеп» баспасы. Алматы. 180 б.
- Ожегов, Шведова, 2004 – *Ожегов С.И., Шведова, Н.Ю.* Толковый словарь русского языка. «А ТЕМП». Москва. 940 с.
- Омарбекова, 2025 – *Омарбекова Г.* Эмотивті лингвоэкология және ұлттық концептілер: қазақ паремиологиясына эмотивті-прагматикалық көзқарас. Қарағанды университетінің Хабаршысы. «Филология» сериясы. 30, 4 (120). 96 – 105 б.
- Түркістан энциклопедиясы, 2000 – Халықаралық Түркістан энциклопедиясы. Қазақ энциклопедиясы. Алматы. 655 б.
- Шамсимухаметова, 2018 – *Шамсимухаметова, М. Р.* Религиозные братства ахи в Золотой Орде // Исламоведение. т. 9, № 3. с. 40–52.
- Bekki, Enis, 2020 – *Bekki S., Enis Y. Ahilik. Kardeşler.* Ofset Matbacılık. Ankara. 350 s.
- Caferoğlu, 1984 – *Caferoğlu A.* Türk Dili Tarihi II. Enderun Kitabevi. İstanbul. 256 s.
- Eğitim Bilimine Giriş, 1977 – *Eğitim Bilimine Giriş.* Gazi Kitabevi Yayınları. Ankara. 348 s.
- Ercilasun, 2004 – *Ercilasun A. B.* Başlangıçtan Yirminci Yüzyıla Türk Dili Tarihi. Akçağ Yayınları. Ankara. 486 s.
- Kamus-i Türki, 1991 – *Kamus-i Türki. Sâmî, Şemsettin.* Sadeleştirilmiş ve Genişletilmiş Kamus-i Türki. Tercüman gazetesi tesisleri basımı. İstanbul. 1535 s.
- Karasoy, 2003 – *Karasoy Y.* Ahi Kelimesi ve Türk Kültüründe Ahilik. Selçuk Üniversitesi Türkiyat Araştırmaları Dergisi, 14, 1-23.
- Kaplan, 1987 – *Kaplan M.* Türk Edebiyatı Üzerinde Araştırmalar II. Dergah Yayınları. İstanbul. 398 s.

Köprülü, 1999. – Köprülü M. Türk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar. 7. Baskı. Emek Ofset. Ankara. 435 s.

Kıpçak Türkçesi Sözlüğü, 2003 – Kıpçak Türkçesi Sözlüğü. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları. 338 s.

Türkçe Sözlük, 2011 – Türkçe Sözlük. Ankara: Türk Dili Kurumu Yayınları. 2763 s.

Türkçe Sözlük, 1999 – Türkçe Sözlük. Ankara: TDK Yayınları. Kurtuluş Basımevi. 1509 s.

Türk Lehçeleri Karşılaştırmalı Sözlüğü, 1991 – Türk Lehçeleri Karşılaştırmalı Sözlüğü. Kültür Bakanlığı, Ankara. 1008 s.

#### References:

Abaj tili ..., 1968 – Abai tili sozdigi [Dictionary of Abai's Language], Almaty: Gylym Baspasy. 735 p. [in Kazakh]

Ondasynov, 2010 – *Ondasynov N.D.* Arabsha-qazaqsha tusindirme sozdik (qazaq tilindegi arab sozder) [Arabic-Kazakh Explanatory Dictionary (Arabic words in the Kazakh language)], I. Tom. Almaty: Bilim baspasy. 167 p. [in Kazakh]

Garkavec, 2013 – *Garkavets A.N.* Kypshakskoye Evangelye Sharlza Freizera Karas, Astrahan, Orenburg, 1803–1820 [Kipchak Gospel of Charles Fraser Karas, Astrakhan, Orenburg, 1803-1820], Almaty: BAUR. 307 p.[in Russian]

Garkavec, 2019 – *Garkavec A.N.* Kitab-i Tardzhuman – Kniga perevodchika [Kitab-i Tarjuman - Translator's Book], Egypt 1343. BAUR. Almaty. 599 p. [in Russian]

Gordlevskij, 1927 – *Gordlevskij V.A.* Dervishi Ahi Evrana i cehi v Turcij. Izvestiya Akademij Nauk SSSR, Moskva.

Esimova, 1013 – *Esimova Zh.* Қазаққа қатысты қолданылатын сөздердегі дини лексика. ҚазҰУ habarshysy. Filologiya seriyasy. № 1-2 (141-142).

Kalyn, 2023 – Kalyn I. Men, ozge zane özgesi: Islam-Batys karym-katynasynyn tarikhina sholu. [Me, the Other, and the Other: A Review of the History of Islamic-Western Relations], K.A. Iassaoui at. Khalykaralyk Kazakh-Turik University. Eurasia Gylymi-zertteu institutes. Almaty. 615 b. [in Kazakh]

Qazaq tilinin tusindirme sozdigi, 1951 – Qazaq tilinin tusindirme sozdigi. Qazaq SSR Gylym Akademiyasynyn baspasy. 1t. Redaktor S.M.Kenesbaev. Almaty. 337 b.

Qazaq adebi tilinin sozdigi, 2011 – Qazaq adebi tilinin sozdigi 3. tom, Til bilimi instituty, Almaty.

Qazaqtyn etnografiyalıq...,2014 – Qazaqtyn etnografiyalıq kategoriyalar, ugymdar men ataularдын dasturli zhujesi. Enciklopediya. «Aziya Arna» baspasy. Almaty. 5 t., 840 b.

Mejer, 1991 – Mejer M.S. Osmanskaya Imperiya v XVIII veke – cherty strukturnogo krizisa. [The Ottoman Empire in the 18th century - features of a structural crisis. Science], Nauka. Moscow. 260 s. [in Russian]

Nepomnyashij, Grusheckaya, 2018 – Nepomnyashij A.A., Grusheckaya V. A. Remeslennaya kultura cehovogo krymsko-tatarskogo mastera po izgotovleniyu tradicionnoj kozhanoy obuvi (po rukopisnym i opublikovannym materialam V.A. Gordlevskogo). [Craft culture of the Crimean Tatar guild master in the production of traditional leather footwear (based on handwritten and published materials by V.A. Gordlevsky)]. Vestnik. Seriya: Istoriya Rossii. t. 17. № 3. S. 581–607. RUDN. Moskva. 590 s.

Novichev K., 1965 – Novichev K. Turciya. [Turkey], Kratkaya istoriya. Nauka. Moskva. 270 s. [in Russian]

Nurmahanova, 1982 – Nurmahanova A. Kazirgi kazak tili. [Modern Kazakh language], «Mektep» baspasy. Almaty. 180 b. [in Kazakh]

Ozhegov S.I., Shvedova N.YU., 2004. Tolkovj slovar' russkogo yazyka [ Explanatory dictionary of the Russian language], «A TEMP». Moskva. 940 s. [in Russian]

Omarbekova, 2025 – Omarbekova G. Emotivti lingvoekologiya zhane ulttyq konceptiler: qazaq paremiologiyasyna emotivti-pragmatikalıyq kozqaras. Qaragandy universitetinin Habarshysy. «Filologiya» seriyasy. 30, 4 (120). 96 – 105 b. [in Kazakh]

Turkistan enciklopediyasy, 2000 – Halyqaralyq Turkistan enciklopediyasy. [International Turkestan Encyclopedia], Qazaq enciklopediyasy]. Qazaq enciklopediyasy. Almaty. 655 b. [in Kazakh]

Shamsimuhametova, 2018 – Shamsimuhametova, M. R. Religioznye bratstva ahi v Zolotoj Orde // Islamovedenie. t. 9, № 3. s. 40–52. [in Russian]

Bekki, Enis, 2020 – Bekki S., Enis Y. Ahilik. Kardesler Ofset Matbbacılık. [Ahilik. Kardesler Offset Printing.], Ankara. 350 s. [in Turkish]

Caferoglu, 1984 – Caferoglu A. Turk Dili Tarihi II. [Turkish Language History], Enderun Kitabevi. Istanbul. 256 s. [in Turkish]

Egitim Bilimine Giris, 1977 – Egitim Bilimine Giris. Gazi Kitabevi Yayınları. [Gazi Bookstore Publications], Ankara. 348 s. [in Turkish]

Ercilasun, 2004 – Ercilasun A. Baslangıctan Yirminci Yuzyıla Turk Dili Tarihi. [History of Turkish Language from the Beginning to the Twentieth Century], Akcag Yayınları. Ankara. 486 s. [in Turkish]

Kamus-i Turki, 1991 – Kamus-i Turki. Sami, Semsettin. Sadelestirilmis ve Genisletilmis Kamus-i Turki. [Simplified and Expanded Kamus-i Turki], Tercuman gazetesi tesisleri basımı. Istanbul. 1535 s. [in Turkish]

Karasoy, 2003 – Karasoy Y. Ahi Kelimesi ve Turk Kulturunde Ahilik. [The word Ahi and the Ahi order in Turkish culture]. Selcuk Universitesi Turkiyat Arastirmalari Dergisi, 14, 1-23. [in Turkish]

Kaplan, 1987 – Kaplan, M. Turk Edebiyatı Uzerinde Arastirmalar II. [Studies on Turkish Literature II.], Dergah Yayınları. Istanbul. 398 s. [in Turkish]

Koprulu, 1999 – Koprulu, M. Turk Edebiyatında İlk Mutasavvıflar. [The First Sufis in Turkish Literature], 7. Baskı. Emek Ofset. Ankara. 435 s. [in Turkish]

Kipcak Turkcesi Sozlugu, 2003 – Kipcak Turkcesi Sozlugu. [Kipchak Turkish Dictionary], Ankara: Turk Dil Kurumu Yayınları. 338 s. [in Turkish]

Turkce Sozluk, 2011 – Turkce Sozluk. [Turkish Dictionary], Ankara: Turk Dili Kurumu Yayınları. 2763 s. [in Turkish]

Turkce Sozluk, 1999 – Turkce Sozluk [Turkish Dictionary], Ankara: TDK Yayınları. Kurtulus Basımevi. 1509 s. [in Turkish]

Turk Lehceleri Karshilashtyrmaly Sozlugu, 1991 – Turk Lehceleri Karshilashtyrmaly Sozlugu [Turkic Dictionary], Ankara: Kultur Bakanlıgı Yayınları. 1008 s. [in Turkish]

**Есбосынов Е.З.**

*Казахский национальный педагогический университет  
им. Абая, Алматы, Казахстан  
E-mail: ergaliesb@gmail.com*

## **СОЦИАЛЬНАЯ И ОБЩЕСТВЕННАЯ СИЛА В ЭПОХУ ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ: БРАТСТВО АХИ – ФЕНОМЕН АХИЗМА**

**Аннотация.** В общетюркской лексике не так много слов, которые бы вмещали в себя столь широкий спектр значений, включая обозначение уникального религиозного и социально-общественного, в том числе и экономического. явления. Одним из таких слов является *Ахи*, как имя собственное, и *ахилик* – нарицательное. Изначально, основываясь на суфийское мировоззрение, оно имело религиозно-философский смысл, но со временем подвергалось семантической трансформации и приобрело новые значения. В итоге, *ахилик*

приняло обозначение крупной общественно–политической и экономической силы, наибольший расцвет и распространение которой наблюдается в эпоху Османской империи. В русской терминологии *ахилик* или *ахизм* значит как «ахийское братство» или «общество ремесленников и купцов», основанное на принципах солидарности, исламской этики, честного труда и взаимопомощи. Со временем мировоззрение и могущество ахийцев усиливаются в сфере юриспруденции, вследствие чего, представители высших эшелонов власти и религиозная знать начинают признавать и придавать значение рекомендациям ахийцев по многим вопросам, в том числе по изданию государственных указов и нормативных актов. На статус и могущество ахийцев не смогли оказать влияние ни время, ни правители. Напротив, турецкое общество стало руководствоваться моральными постулатами и этическими нормами ахийцев, эквивалентных казахским: *обал болады* – не причиняй вреда, зла; *жаман болады* – будет худо; *ұят болады* – неприлично, стыдно. Общественная активность ахийцев, можно сказать, послужила неким триггером в упорядочении коммерческой деятельности малого, среднего и крупного бизнеса Османской империи. В данной статье предприняты действия по обобщению обзора тематических исследований, касающихся роли ахийцев в истории Османской империи, а также по рассмотрению лексики и этимологии смыслообразующих терминов и понятий, как *мутасаввыф*, *текке*, *футүввет*, *эснаф*, *кетхүда* и *баккалышы*. Приведены иллюстративные примеры из произведений средневековых мыслителей и поэтов, в числе которых Юнус Эмре и Шейх Галиб, воссоздавших художественный образ основателя ахийского братства - Ахи Эврана. Помимо трудов, переведенных на казахский язык, были использованы данные из толковых словарей и исследований на турецком языке.

**Ключевые слова:** Османская империя, Ахи Эвран, текке, эснаф, ремесленники, производственные центры, маркетинг, этнолингвистика, организация, братство.

**Yesbossynov Ye.**

*Kazakh National Pedagogical University named after  
Abay, Almaty, Kazakhstan  
E-mail: [ergaliesb@gmail.com](mailto:ergaliesb@gmail.com)*

## **SOCIAL AND PUBLIC POWER IN THE OTTOMAN ERA: THE AHI BROTHERHOOD – A PHENOMENON OF AKHISM**

**Abstract.** There aren't many words in the common Turkic vocabulary that would contain such a wide range of meanings as *akhilik*. Originating from a religious and philosophical tradition, this concept eventually acquired social significance and developed into its modern form: originally a religious community based on the postulates of the Sufi *tariqat*, an association; later retaining the basis of the original Sufi teachings, a social organisation that managed to unite the productive forces in one direction; an association that united the productive forces of its era, in particular tailors, craftsmen who produced leather goods, blacksmiths, jewelers; It further developed into a community of wood, leather, iron, jeweler, decorative workshops, butchers' shops, bakeries; it grew further and became recognised as a major community association shaping commodity logistics and warehousing, valuation and trade policy. Thus, the 'friendship of imams and mullahs', which at first emerged in an unknown, quiet, cosy environment, over time turned into a religious and social association that was in the centre of real life. The *Ahis* who were able to find the source of their internal and external principles of organisation within themselves, without looking far and wide, were followers of Sufi teachings coming from the founders. Thus, combining the moral, spiritual tenets of Sufi philosophy with the good human qualities of the individual, they formed a human internal order and ethics that reflected the principles of shame, which became the Kazakh 'moral, ethical code'. He channeled this into 'industry and qualifications', creating an 'alphabet' of

production and quality, as well as general trade, and payment of taxes. Our goal is a review with special attention to Kazakh language sources. The etymology of words such as *mutasavvyf*, *tekke*, *futuvvet* are also considered. In this regard, we have given illustrative examples from the words of thinkers and poets such as Yunus Emre, Sheikh Ghalib about the founder of the Akhilik community, Ahi Evran. In addition to Kazakh translations, we used data from explanatory dictionaries and thematic studies in Turkish.

**Keywords:** Ottoman Empire, Ahi Evran, Kırşehir, Sufism, tekke, esnaf, artisans, production centers, ethnolinguistics, organization - brotherhood.

Автор туралы мәлімет:

Есбосынов Ергали Зияханұлы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық даңғылы, 13, Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы.

Сведения об авторе:

Есбосынов Ергали Зияханович, кандидат филологических наук, и.о. ассоциированного профессора, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, ул. Достык, 13, Алматы, Республика Казахстан.

Information about author:

Yesbossynov Yergali, Candidate of Philological Sciences, Acting Associate Professor of Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk Aven., Almaty, Republic of Kazakhstan.

*Келіп түсті 25 желтоқсан 2025 жыл  
Қабылданды 25 ақпан 2026 жыл*